КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қарар бөлігі)

2025 жылғы 12 қыркүйек №7119-25-00-2/9492 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында: төрағалық етуші судья А.Б.Бакишев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Perpetuum mobile Co» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы;
тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы;

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Perpetuum mobile Co» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Perpetuum mobile Co» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2025 жылғы 2 сәуірдегі №970940001378/250069/00 мемлекеттік сатып алу шарты бойынша мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Perpetuum mobile Co» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы»

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 12.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.10.2025, судья Бакишев А. Б., 24.10.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 138 356,33 (бір жүз отыз сегіз мың үш жүз елу алты) теңге 33 тиын мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 4 150,69 (төрт мың бір жүз елу) теңге 69 тиын мөлшерінде мемлекеттік баж төлеуге байланысты сот шығындары өндірілсін

«Perpetuum mobile Co» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының Автошаруашылығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына 1 574,31 (бір мың бес жүз жетпіс төрт) теңге 31 тиын көлемінде артық төленген мемлекеттік баж тиісті бюджеттен кері қайтарылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 12.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.10.2025, судья Бакишев А. Б., 24.10.2025